



Келісемін
Қамқоршылық кеңес төрайымы
Б.Т.Муратова

Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебі бойынша
Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
Ұйымдастыру кезеңі			
1	Педагогикалық ұжымның және ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің өткен жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы	Қыркүйек	Мектеп директоры қамқоршылық кеңесінің төрайымы, ата-аналар комитетінің төрайымы
2	Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау	Қыркүйек	Кеңес төрайымы Мектеп директоры
3	«Мектепке жол» акциясы аясында мектептегі аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына көмек көрсетуді ұйымдастыру.	Қыркүйек	Кеңес төрайымы Кеңес мүшелері
4	Аз қамтылған оқушылардың тізімін бекіту және кітаппен қамтамасыз ету ыстық тамақта ұйымдастыру.		Кеңес төрайымы Мектеп директоры
Қаржылық және қайырымдылық қызметі			
5	Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген қаражатқа аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан білім паушаларға материалдық көмек көрсетілуі.	Қыркүйек	Кеңес төрайымы Кеңес мүшелері
6	Қамқоршы күніне орай ұйымдастырылатын	Қазан	
7	Жаңа жылдық мерекенің ұйымдастырылуы және өткізілуі туралы. Облыс, аудан, ауыл әкімдерінің жаңа жылдық шыршасына оқушылар ұсыну	Желтоқсан	Кеңес төрайымы Мектеп директоры Кеңес мүшелері
8	Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу барысы		Кеңес төрайымы Мектеп директоры Кеңес мүшелері
Мектеп шараларына, конференцияларға, кездесулерге, семинарларға қатысу			
9	Мемлекеттік және мектепшілік мерекелерді ұйымдастыруға ат салысу: 1 Конституция күні 2 Білім күнін өткізу 3 Жаңа жыл мерекесін өткізу 4 Наурыз мерекесі 5 Соңғы қоңырау	Жыл бойы	Кеңес төрайымы Кеңес мүшелері
10	Қайырымдылық акциясын өткізу	Қаңтар	Кеңес төрайымы

			Мектеп директоры
11	Білім беру ұйымдарындағы ата-аналарға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету ісіне атсалысу	Жыл бойы	Мектеп директоры
12	Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде мектеп асханасының тағамдарының сапасын тексеруге қатысу	Жыл бойы	Кеңес төрайымы Кеңес мүшелері
13	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға қатысу	Мамыр	Кеңес төрайымы Кеңес мүшелері

Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

Х А Т Т А М А № 4

Күні: 15.05.2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға қатысу

Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог Б.М.Давлетова

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашан да маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жазғы каникул балалардың жылдың бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қызықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең.


Сондықтан жаз балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, олардың жеке басына тән байланыстарын жетілдіру, әлеуметтік және мәдени білім беру құндылықтарына араласу, әлеуметтік байланыстар жүйесіне қосылу, жеке бас мүдделерін қанағаттандыру, ойын-сауық, бойында жиналып қалған шиеленістен арылу, жұмсалған күшінің орнын толтыру, денсаулығын нығайту кезеңі. Жаз балаларға өзінің сан түрлі талантын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңді жеке басының жақсы жақтарын ашып көрсетуге жағдай жасауға, балалар арасында рухани және эмоциялық құндылықтарын алмасуға, жеке басының мүдделерін жүзеге асыру үшін пайдалану керек. Балалар жақсылап тыныққысы келеді, ал ата-аналар алдында ұзақ оқудан, қиын емтиханның шаршаған баласының демалысын қалай ұйымдастыру керек деген балалардың денсаулығын нығайтып, қоршаған ортаны танып, табиғатын аялай сүйеге, еңбекке, достыққа шақыратын, шығармашылық белсенділіктерін арттырып, кез-келген ортада өзін-өзі көрсете білуге бағыттайтын іс-шаралар жинағын жоғары деп бағалаймыз.

Қаулы:

Балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:



Б.Муратова

Г. Смагулова

Г.Койшыгулова

М.У.Мухитова

А.Тілеужанова

А.Жаксылыкова

**Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы**

Х А Т Т А М А № 3

Күні: 19.01.2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Мемлекеттік және мектепшілік «Конституция күні», «Білім күнін өткізу», «Жаңа жыл» мерекесін өткізу, «Наурыз мерекесі», «Соңғы қонырау» мерекелерін ұйымдастыруға ат салысу;
2. Қайырымдылық акциясын өткізу;
3. Білім беру ұйымдарындағы ата-аналарға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету ісіне атсалысу;
4. Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде мектеп асханасының тағамдарының сапасын тексеруге қатысу;

Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог Б.М.Давлетова

Зайырлы мемлекетімізде жыл сайын аталып өтетін мерекелеріміз мектебімізде жоспарлы түрде сынып сағаты, мерекелік кеш, спорттық сайыс ретінде аталып өтеді. Әрбір атқарылған іс-шаралар әлеуметтік желіге салынады. Сонымен қатар ұстаздардың демеуімен қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып отырады. Ізгі шараның негізгі мақсаты қоғамда, өскелең ұрпақ арасында мейірімділік, қамқорлық сезімін қалыптастыру, әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек көрсету, достық, бірлікті нығайту. Бұл шараға барлық ұстаздар қауымы атсалысып қатысады. Ел Президентінің қаулысы негізінде бастауыш сынып оқушылары 13 кластан 243 және жекелеген санат бойынша 30 оқушы тамақтануда. Тамақтың дәмін, ас блогының тазалығын бракераждық комиссиясы мен мектеп медбикесінің қадағалауында.

Қаулы:

Мектепшілік мерекелік шараларға барлық ұстаздар мен оқушылар қатыссын.

Қайырымдылық акциясы қолдау тауып, жалғасын тапсын.

Тамақтың берілуі үнемі қатаң бақылауда болсын

Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

Б. Муратова
Г. Смагулова
Г. Койшыгулова
М. У. Мухитова
А. Тілеужанова
А. Жаксылыкова

Б. Муратова

Г. Смагулова

Г. Койшыгулова

М. У. Мухитова

А. Тілеужанова

А. Жаксылыкова

**Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы**

Х А Т Т А М А № 2

Күні: 12.12.2023 жыл

Күн тәртібінде:

1. Жаңа жылдық мерекенің ұйымдастырылуы және өткізілуі туралы. Облыс, аудан, ауыл әкімдерінің жаңа жылдық шыршасына оқушылар ұсыну;
2. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу барысы;

Тындалды:

Әлеуметтік педагог Б.М.Давлетова

Жылына бір рет келетін «Жаңа жыл» мерекесін барлық балалар асыға күтуде. Олардың мерекесін қызықты әрі көңілді өткізу үшін мектептегі жас ұстаздар, ата-аналар, жоғары сынып оқушылар кеңесінің мүшелерін жұмылдырғаны дұрыс болады деп ойлаймын. Жаңа жыл мерекесі аясында ешқандай қаражат жиналмауы керектігі туралы ұйымдастырып жатқан ұстаздарға ескертілді.


Ел Президентінің қаулысы негізінде бастауыш сынып оқушылары 13 класс және жекелеген санат бойынша 30 оқушы тамақтануда. Тамақтың дәмін, ас блогының тазалығын бракераждық комиссиясы мен мектеп медбикесінің қадағалауында.

Қаулы:

Балаларға Жаңа жылдық көңіл-күй сыйлау мақсатында демеушілердің көмегімен жекелеген санат оқушыларына мерекелік кеш ұйымдастырылып, сыйлықтар таратылсын.

Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:



Б.Муратова

Г. Смагулова

Г.Койшыгулова

М.У.Мухитова

А.Тілеужанова

А.Жақсылыкова

**Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы**

Х А Т Т А М А № 1

Күні: 15.10.2023 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық ұжымның және ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің өткен жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы;
2. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау;
3. «Мектепке жол» акциясы аясында мектептегі аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына көмек көрсетуді ұйымдастыру;
4. Аз қамтылған оқушылардың тізімін бекіту және кітаппен қамтамасыз ету, ыстық тамақты ұйымдастыру;
5. Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген қаражатқа аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсетілуі.

Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог Б.М.Давлетова

Балалардың мектеп өмірінде сапалы білім, саналы тәрбие алуы үшін оқу-тәрбие үрдісіндегі іс-шаралардың талапқа сай деңгейде ұйымдастырылуына ат салысу. Мектептің ішкі-сыртқы тәртіп ережелеріне көңіл бөле отырып, ұсыныстар жасау, көмек беру. Оқушылардың жан-жақты тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау. Өткен 2022-2023 оқу жылында жоспарға сай ата-аналар жиналысы өткен болатын. Жиналыста көпбалалы отбасынан шыққан және жекелеген санат оқушыларының оныншы сәуірден бастап бір реттік ыстық тамақпен қамтылды. Асхананың санитарлық жағдайы, ас мәзірі бойынша тамақтың берілуін мектеп медбикесінің, сонымен қатар бракераждық комиссиясының қадағалауымен бақыланып отыр. Мектеп бойынша қамқоршылық кеңесінің тоқсан сайын отырысы уақытында өтті. Қамқоршылық отырысында оқушылардың мектепке дайындығы, «Мектепке жол» акциясының ұйымдастырылуы, жекелеген санат оқушыларын анықтау, ол оқушыларға «Жаңа жыл» мерекесін ұйымдастыру туралы талқыланды.

Сонымен қатар әр оқу жылының бірінші отырысында қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары құрылып, бекітіледі. «Мектепке жол» акциясы бойынша дүкендерге, сауда орындарына демеушілер тарту мақсатында сұраныстар жіберілген болатын. Соның нәтижесінде мектебіміздің 11 оқушысына мектеп формасы, спорттық киім, оқу құралдары сыйға тартылды.

Жекелеген санат оқушылары анықталып, тізімге алынды. Кітапхана тарапынан әр оқушыға кітаптар үлестірілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасына сай бастауыш сыныптарынан 242 оқушы, жекелеген санаттан 38 оқушы бір реттік ыстық тамақпен қамтылып отыр. Арендатор ИП «Базарбаева». Бір оқушының бір күндік тамағының құны 507 теңгені құрайды. Асханада бір аспазшы, екі көмекшісімен жұмыс жасап жатыр.

Оқу қорынан бөлінетін қаражатты аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан балалар анықталып, тінімге алынды. I-II сынып аралығынан 56 оқушы қордан бөлінген қаражаттан көмек алды.

Қаулы:

Өткен оқу жылында атқарылған жұмыстар есебі қанағаттандырылсын.


«Мектепке жол» акциясы бойынша жалғасын тапсын.

Ыстық тамақты беру брахераж комиссиясының қатаң бақылауында болсын.

Жыл сайын анықталатын жекелеген санат оқушыларына көмек көрсетілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:



Б.Муратова

Г. Смагулова

Г.Койшыгулова

М.У.Мухитова

А.Тілеужанова

А.Жаксылыкова

Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

Х А Т Т А М А № 4

Күні: 15.05.2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға қатысу

Тындалды:

Әлеуметтік педагог Б.М.Давлетова

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашан да маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жазғы каникул балалардың жылдың бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қызықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең.

Сондықтан жаз балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, олардың жеке басына тән байланыстарын жетілдіру, әлеуметтік және мәдени білім беру құндылықтарына араласу, әлеуметтік байланыстар жүйесіне қосылу, жеке бас мүдделерін қанағаттандыру, ойын-сауық, бойында жиналып қалған шиеленістен арылу, жұмсалған күшінің орнын толтыру, денсаулығын нығайту кезеңі. Жаз балаларға өзінің сан түрлі талантын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңді жеке басының жақсы жақтарын ашып көрсетуге жағдай жасауға, балалар арасында рухани және эмоциялық құндылықтарын алмасуға, жеке басының мүдделерін жүзеге асыру үшін пайдалану керек. Балалар жақсылап тыныққысы келеді, ал ата-аналар алдында ұзақ оқудан, қиын емтиханның шаршаған баласының демалысын қалай ұйымдастыру керек деген балалардың денсаулығын нығайтып, қоршаған ортаны танып, табиғатын аялай сүйеге, еңбекке, достыққа шақыратын, шығармашылық белсенділіктерін арттырып, кез-келген ортада өзін-өзі көрсете білуге бағыттайтын іс-шаралар жинағын жоғары деп бағалаймыз.

Қаулы:

Балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:
Қамқоршылық кеңестің мүшелері:



Б.Муратова
Г. Смагулова
Г.Койшыгулова
М.У.Мухитова
А.Тілеужанова
А.Жақсылыкова